20434701348

Қ А У Л Ы
(қарар бөлігі)

2023 жылғы 24 қараша №4399-23-00-2а/829 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші судья М.Н.Текетаев,

судьялар С.Н.Жуынтаева , Н.О.Косанов болып,

талап қоюшының өкілі Д.Қ.Әлшеровтың,

жауапкер өкілі М.С.Мадияровтың,

үшінші тұлға «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі Ә.С.Ұзақбаевтың қатысуларымен

ашық сот отырысында

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 16 тамыздағы шешіміне жауапкердің апелляциялық шағымымен түскен,

талап қоюшы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ОртаАзияЖолы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы электрондық форматтағы азаматтық ісін қарап,

АПК-тің 424-бабының 1-бөлігінің 1) тармағын, 426 және 431, 434-баптарын басшылыққа алып, сот алқасы

Қ А У Л Ы Е Т Т І :

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 16 тамыздағы шешімі өзгеріссіз,жауапкер «ОртаАзияЖолы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар мен олардың өкілдері, прокурор АПК-тің 434-436,440,441-баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына сот актісін қассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат, прокурор наразылық беруге құқылы.

Қаулының түпкілікті нысаны іс қаралған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде дайындалады.

Төрағалық етуші М.Текетаев

Судьялар С.Жуынтаева

Н.Косанов

Құжатқа қол қойылған: Текетаев М. Н., 28.11.2023

4399-23-3-2/829